

Арғанаты тауларында түпкілікті күзет тіректерін ашу үшін 1846 жылы Сібір казак әскерлерінің 2-полкін осы аймақтарға жіберіп, Ұлытау әскери бекінісін ашты. Сөйтіп, патша өкіметі көтерілісті талқандап, Кенесарыны Ұлытаудан ығыстырудың нақты жоспарын жасауға кірісті. Ресей үкіметінің содыр саясаты қазақты қысқан үстіне қыса түсті. Бағаналы руының атам заманнан жайлаған мекені Атбасар мен Ұлытау бекіністерінің арасын бағаналылар баспауға тиіс болды. Қаракенгір мен Сарыкенгір бойынан да алыстатылды. Қыста Шу мен Сыр бойына көшуге де тыйым салынды.

Ерденнің батырлығы, даналығы, қайраткерлігі осындай ел басына күн туғанда көрінді. Бағаналы елі ежелгі жайлау-қыстауларынан айырылып елімайлап зар жылаған тұста Ерден Сандыбайұлы мен Уәйіс Байжанұлы қарымды қайраткерлік, талмас табандылық көрсетті. 1843 жылдан бастап 1857 жылға дейін Омбы губернаторына жерді қайтару жөнінде шағым-арыз жазды. Олар ата-бабалары ғасырлар бойы иемденіп келген қоныстарын даулап, аға сұлтандарын ақ патшаға дейінгі аралықты үзбей мазалаған да отырған. Ақыры патша өкіметі Ұлытау әскери бекінісін ұстап тұра алмады. Жердің тым шалғайлығы, жолдың ауырлығы, қыстың қаттылығы азық-түлік жеткізуге еш мүмкіндік бермеді. Бекіністегі казак-орыс азып-тозып, күн көруден қалды. Ал, маңайындағы казак ауылдары жат жұрттықтардың тезірек кетуіне тілектес болды. Сөйтіп, 15 жылдан кейін патша өкіметі Ұлытау бекінісін жабуға мәжбүр болды. 1859 жылы Ұлытау елі ата жұртына қайтып оралды [3, 4 б.].

Осындай ерлігімен, кең даланы қорғай білген Ерден батыр 1862 жылы, 54 жасында қайтыс болады. Ел-жұрты құрметтеп басына сәулетті сағана орнатқан. Бұл ескерткіш Қарағанды облысының Ұлытау селосынан 30 шақырым жерде тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төрешұлұлы Н. Ерден батыр. – // Мысты өңір, № 40.(571) – 1999. – 1 қазан. – 2.
2. Қаражігітов А. Еліне аты шыққан Ерден батыр. – // Сарыарқа, № 200. – 1996. – 16 қазан, – 3 б.
3. Сейткенов Н. «Қарадан шығып хан болған» Ерден Сандыбайұлының туғанына 200 жыл. – // Шарайна, № 118 – 2008. – 4 б.

Шоқан Уәлиханов – көрнекті ағартушы-ғалым

Болатова С.М.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Каконова М.М.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ата-бабалары сұлтандар әулетінен шыққан. Оның арғы бабасы Абылай хан XVII ғасырдағы айбынды казак билеушілерінің бірі болды.

Хан билігі жойылып, «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданғаннан кейін Уәлиханнның бұрынғы мұрагерлік жерлері балаларына бөлініп берілді. Оның негізгі қара шаңырағы – Қызылағаш үлкен баласы Ғұбайдолланың және соның ұрпақтарына көшті де, ал Сырымбет Уәлидің кіші әйелі Айғанымның балаларының еншісіне тиді.

Шоқан Уәлиханов 1835 жылы қараша айында Құсмұрын бекінісінде туған. Бұл деректің растығын КСРО Сыртқы істер министрлігінің мұрағаттарындағы Шоқан Уәлихановтың қызметі жөніндегі формулярлық тізім дәлелдейді. Нақ осы дерек басқа ресми құжаттарда да кездеседі. Мысалы, Шоқан Уәлихановты Орыстың географиялық қоғамының толық мүшесі етіп сайларда толтырылған анкеталық мәліметтерде 1835 жылы туған деп көрсетілген. Шоқан балалық шағын әуелі Құсмұрында, содан кейін өзінің ата мекені – Сырымбетте өткізген. Сырымбет – Солтүстік Қазақстандағы тарихи аңызға айналған ғажайып сұлу өңір.

Бала Шоқанның сана-сезімі ерте оянып, рухани өсіп, жетіле беруіне әжесі Айғаным үлкен әсер еткен. Тумысынан сезімтал, дарынды балаға әжесі халық даналығының сарқылмас білім бұлағы болған. Ол Шоқанға қазақтың ескі аңыздары мен хикаяларын

қызықты етіп әңгімелеп, күні кеше өзі басы-қасында болған оқиғаларды еске алып отырған. Шоқан әуелі Құсмұрындағы қазақ мектебінде оқиды. Мұнда ол араб жазуының негіздерін меңгереді және қарындашпен сурет салып үйренеді. Бұл схоластикалық мектепте тек шағатай тіліндегі орта ғасырлық әдебиет мұраларын оқумен, араб және парсы тілдерінде сөйлеп жаттығу және шығыс ақындарының өлеңдерін тақпақтап жатқа айтумен ғана айналысқан. Дәстүр бойынша сұлтанның балаларына бірнеше шығыс тілдерін үйрену, яғни «жеті жұрттың тілін білу» парыз болған. Бұл дәстүр ол кезде әлі ескірген жоқ еді, сондықтан Шоқан архив мәліметтерінің көрсетуіне қарағанда шығыс тілдерін оқып, әуелі араб тілін, кейін ұйғыр тілін де жақсы меңгерген. Шоқанның бала кезіндегі қатты құмартқан өнерінің бірі сурет салу еді. Бұл өнерді ол Құсмұрын бекінісіндегі Уәлихановтардың үйінде ұзақ тұрған орыстың суретші-топографтары мен геодезистерінен үйренді. Оның үстіне Уәлихановтардың аулына жиі-жиі қонаққа келіп жүрген орыс ғалымдары, инженерлер мен білімді офицерлер де қабілетті баланы көркемөнер мен әдебиетке құштарландыра түседі.

Шоқан Уәлиханов қазақтың халық поэзиясына ерте жастан құмартып, оның классикалық үлгілерін жазып алып, өзінің ата-анасына дауыстап оқып жүреді. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Еркөкше» атты халық дастандарын ол тіпті бала кезінде жазып алып, кейін өзінің ұстазы Н.Ф.Костылецкийге берген. Қазақ әншілері мен жыршыларының Шыңғыстың үйіне жиі келіп жүргендігі де Шоқанның халық поэзиясына қастерлеу сезімінің ерте оянуына елеулі әсер еткен. Бірақ Шоқанның білімге құштарлығы барған сайын күшейе түседі. Ол үлкен қалада оқуды армандайды. Шыңғыс та оған терең білім беру үшін көрнекті оқу орнына кіргенін қалайды.

1847 жылдың күзінде он екі жасар Шоқан туған елінен тұңғыш ұзақ сапар шегіп, әкесімен бірге Омбыға оқуға келеді. Шыңғыс өзінің орыс достарының көмегімен баласын Сібірдің сол кездегі ең жақсы оқу орны деп санаған Сібір кадет корпусына оқуға түсіреді. Үлкен қала, байтақ өлкенің орталығы ауылдан жаңада ғана келген зерделі балаға күшті әсер етеді. Шоқан Омбының әсем көріністеріне қатты қызығып, солардың суретін сала бастайды. Омбы кадет корпусында аса көрнекті саяхатшы және Сібір, Қазақстан, Монғолия мен Орта Азияны зерттеуші Г.Н.Потанин оқыды. Қазақстан мен Сібір халықтарының тарихын зерттеуші, орыс қоғамы ойшылдарының өткен ғасырдағы өкілдерінің бірі, публицист Н.М.Ядринцевтің есімі де Сібір кадет корпусымен тікелей байланысты [1, 273 б.].

Сібір кадет корпусының аса көрнекті тәрбиеленушілерінің қатарына Шоқан Уәлиханов пен Потаниннің Г.Н. досы, ақырында атақты ғалым-статистик және публицист Аненский Н.Ф. де жатады. Корпустағы оқу оның көптеген шәкірттеріне, соның ішінде шоқан Уәлихановқа үлкен ықпал етті.

Кадет корпусы жан-жақты және терең білім беретін оқу орны болды. Корпустың оқу программасында әскери пәндермен бірге жалпы география, Ресей географиясы, жалпы тарих пен Ресей тарихы, орыс және Батыс Европа әдебиеттері, философия негіздері, физика, арифметика, алгебра, геометрия, тригонометрия пәндері де қамтылған және сонымен қатар сызу мен сурет салу сабақтары да жүргізіліп, орыс, француз тілдері де оқытылған. Шоқан кадет корпусына келгенде орыс тілін білмейтін, бірақ сирек кездесетін қабілетінің арқасында осы қиыншылықты тез жеңіп шықты. Ол үздік оқыды, тіпті өз құрдастарының алдына түсті. Шоқан тез кемелденді. Екінші курстан бастап Шоқан мен оның ұстаздарының арасында жақындық және достық қатынастар орнайды [2, 69 б.].

Алғашқы оқу жылдарында Шоқан шығысты зерттеуші Сотпиковтың, кейін сурет пәнінің оқытушысы Померанцевтың үйлеріне барып жүрді. Корпуста болуының соңғы жылдарында білімді офицер Гутковскийдің семьясында жиі қонақ болды.

Жас Шоқан буржуазиялық қоғамды шыншылдықпен бейнелеген философиялық трактаттар мен әлеуметтік романдарды терең зерттеп оқиды.

Жазғы демалыс кездерінде Шоқан Уәлиханов өзінің ауылы – Сырымбетке баратын. Бұл сапарлары оған үлкен ләззат алуымен қатар өзінің туған еңбекқор халқының өмірін жақыннан көріп, оның өлең-жырларын, аңыз-ертегілерін жазып алып, халық тұрмысының көріністерін суретке салып бейнелеуіне мүмкіндік беретін.

Зейінді Шоқанға сурет салу өнері сол кездің өзінде-ақ халық өмірін бейнелеудің тамаша бір құралы болып табылады. Ол өзінің аулында, туғандары мен достарының арасында жүріп, Сырымбеттің, жазғы жайлаулар мен мекен-қоныстардың суреттерін салумен шұғылданады. 1847-1852 жылдарда салған сурттерін Шоқан «корпустан елге, отпускке барғанда язмыш суреттер», яғни корпустан елге демалысқа барған кезде салған суреттер деп атайды. Демалыс кездеріндегі Шоқанның қызықтайтыны сол баяғы құс салып, аң аулау болады. Алайда Шоқан сұңқармен аң аулауға енді басқа көзбен қарайтын болды. Бұл іс ол үшін спорттың тек тартымды түрі ғана емес, сонымен қатар зерттеу объектісі де болды [3, 396 б.].

Ауылда ауыз әдебиетін құмарта тыңдап өскен Шоқан демалысқа келгенде, елдегі аңыз, әңгімелер мен жырларды үздіксіз жазып алып отырған. Шоқанның бұл дәстүрі саяхатта болған кездерінде одан әрі дами түсті. Қырғыз еліне барғанда «Манасты» жазып алуы, Құлжада ұйғыр тілін үйреніп, әдебиетімен танысуы, Қашқарда көптеген әдеби кітаптарды қолға түсіруі, ақыры Шоқанның Петербург университетінің шығыс факультетіне тыңдаушы болып қабылдануы ғалымның филология мәселелерімен кең шұғылданғанын көрсетеді.

Адамды бірден өзіне тартып, баурап әкететін ұтымды, ұтқыр шешендігі, қоғамдағы әділетсіздікті шенейтін әңгімелері, әсіресе, талантты інілеріне қатты ұнайтын, олар барынша ағасына ұқсап бағуға тырысатын, еліктейтін. Шоқан осы бір шоқтай үйірілген, білуге ынтық жастардың қаулап өсіп келе жатқанына ризалық білдіретін, әттең орысша-қазақша мектеп ашып, бұларды да озық идеялармен сусындатар ма еді деп армандайтын.

Шоқан халықтың ауыз әдебиетін өзіндік беті бар құнды мұра деп жоғары бағалаған. Қазақтың аңыздары мен жырларының, күйлерінің пайда болуына, олардың тарихи кезеңге, оқиғаға байланысты екеніне назар аударды. Фольклорлық материалдар Шоқанға қазақ халқының мәдениет байлығын зерттеп білуге басты негіз болды. Өзінің он жылдық творчестволық еңбегінде, өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасы мен 60-жылдарының ортасында, Шоқан фольклоршы ретінде қыруар еңбек етті [4, 198 б.].

Жасынан халық ауыз әдебиетін сүйіп тыңдап, құмарта жазып жүрген Шоқан осынау мол мұраның—өз халқының ғасырлар бойы жасаған гуманизмге толы бай ауыз әдебиетінің—алғашқы төрешісі де өзі болды.

Әдебиет – халықтың жаны, құлақ-күйі, ар ожданы, зор байлығы, елдігінің белгісі деп білген, одан «халықтың рух, ұғым, әдет, өмірлік кейіп» көрінеді деген ғалым басқа да ғылыми жұмыстармен бірге әдеби көне мұраларды жан-жақты зерттеуге құлшына кіріседі. Ол білімін де, қажыр-қайратын да, қажет болған кезде денсаулығын да аяған жоқ. Азаматтық перзенттік қасиетті парыз, өткен дәуірлердегі тылсым тірліктің мәнін, өте ертедегі мәдени қазынаның қайнар көзін, терең тамырларын білуге құштарлық оны түпсіз тұңғиыққа құлаш серметті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Уәлиханов Ш. Әдебиеттер көрсеткіші. –Алматы, 1985. –273 б.

[2] Веселовский Н.И. Предисловие. – В кн.: Ч.Ч. Валиханов. Сочинения. – СПб, 1904. –69 б.

[3] Марғұлан Ә.Х. Основные этапы жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. –В кн.: Ч. Валиханов. Избранные произведения. – Москва: Наука, 1986. –396 б.

[4] Айдарова Х.Г. Чокан Валиханов. –Алма-Ата: Казогиз, 1945. –198 б.